

БҰЙРЫҚ

Қаражон ауылы

№ 31

02.05.2022ж

**2021-2022 оқу жылын аяқтау және
орта білім беру ұйымдарында
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімін
бекіту туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14 тармақшасына және қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі №159 «2021-2022 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімін бекіту туралы» бұйрығы негізінде, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының 26.04.2022 ж. №141 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында, Сауран ауданы адами әлеуетті бөлімінің 27.04.2022 жылғы № 57н/қ хатын негізге ала отырып
БҰЙЫРАМЫН:

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы – 2022 жылғы 25 мамыр;
 - 2) 9(10) сынып білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2022 жылғы 28 мамыр – 6 маусым аралығы;
 - 3) 11(12) сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары 2022 жылғы 27 мамыр -10 маусым аралығы.
2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9(10) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып

- 1)) Қазақ/ орыс/ұйғыр/өзбек/тәжік тілі (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан (мақала,эссе, әңгіме) – 2022 жылғы 28 мамыр;
- 2) Математика(Алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2022 жылғы 31 мамыр;
- 3) Орыс/ұйғыр/өзбек/тәжік тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс,мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытылатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2022 жылғы 3 маусым;
- 4) Таңдау пәні(Физика, Химия, Биология,География, Геометрия, Дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері, Әдебиет, Шет тілі,Информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2022 жылғы 6 маусым;

11(12) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

- 1) Алгебра және анализ бастамалары жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) - 2022 жылғы 27 мамыр;
 - 2) Қазақ тілі эссе нысанында жазбаша емтихан 2022 жылғы 30 мамыр;
 - 3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан 2022 жыл 2 маусым;
 - 4) Орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2022 7 маусым;
 - 5) Таңдау пәні (Физика,химия,биология, география,геометрия, дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері, әдебиет, Шет тілі, Информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2022 жылғы 10 маусым;
3. Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып айқындалған мерзімде өткізілсін.
 4. Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезінде жіберген білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 1-8, 10 сыныптарда білім алушылар үшін 2022 жылға 26 мамырдан бастап 17 маусым аралығында Жазғы мектепте оқыту ұйымдастырылсын.
 5. Осы бұйрықтың орындалуына басшылық жасау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Омарбековке жүктелсін.

Мектеп директоры:  С.Шокаманов

